

**Қазақстан Республикасының Парламент Мәжілісі депутаттарын, облыстық және қалалық мәслихаттардың депутаттарын сайлау кезінде үгіттік баспа материалдарын орналастыру орындарын, сайлаушылармен кездесулер үшін үй-жайларды анықтау туралы**

Қарағанды облысы Жезқазған қаласы әкімдігінің 2011 жылғы 23 желтоқсандағы N 33/01 қаулысы. Қарағанды облысы Жезқазған қаласының Әділет басқармасында 2011 жылғы 30 желтоқсанда N 8-2-149 тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 қыркүйектегі Конституциялық Заңының 28 бабы 4, 6 тармақтарына сәйкес Жезқазған қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасының Парламент Мәжілісі депутаттығына, облыстық және қалалық мәслихаттар депутаттығына үміткерлеріне сайлаушылармен кездесулер үшін 1 қосымшаға сәйкес үй-жайлар берілсін.

2. Қалалық сайлау комиссиясымен бірлесіп (Н.Г. Ярьсько - келісім бойынша) Жезқазған қаласы бойынша үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін 2 қосымшаға сәйкес орындар анықталсын.

3. "Қазақстан Республикасының Президентін, Қазақстан Республикасының Парламент депутаттарын, облыс және қала мәслихаттары депутаттарын сайлау кезінде үгіттік баспа материалдарын орналастыру орындарын, сайлаушылармен кездесулер үшін үй-жайларды анықтау туралы" 2011 жылғы 2 наурыздағы N 06/01 (нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің Тізіліміне 2011 жылдың 2 наурызында 8-2-137 нөмірімен тіркелген, 2011 жылғы 4 наурыздағы N 9 (7707) "Сарыарқа" газетінде және 2011 жылғы 4 наурыздағы N 9 (253) "Жезказганская правда" газетінде жарияланған) Жезқазған қаласы әкімдігі қаулысының күші жойылды деп танылсын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары Б.М. Ахановқа жүктелсін.

5. Осы қаулы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Жезқазған қаласының әкімі* *Б. Әбдіғалиұлы*

Жезқазған қаласы әкімдігінің  
2011 жылғы 23 желтоқсандағы  
N 33/01 қаулысына 1 қосымша

**Жезқазған қаласы бойынша  
сайлаушылармен кездесулерге арналған үй-жайлардың мекен-жайлары**

--	--	--	--

N	Елді-мекеннің атауы	Үй-жайлардың мекен-жайлары	Үй-жайдың жалпы көлемі (шаршы метр)
1	Жезқазған қаласы	С. Қожамқұлов атындағы сазды-драма театрының көрермендер залы, Желтоқсан көшесі, 2 үй (келісім бойынша)	305,59
2	Жезқазған қаласы	Халықтар достығы мен мәдениет үйінің көрермендер залы, Алашахан даңғылы, 3 үй (келісім бойынша)	665,4
3	Жезқазған қаласы	№ 7 мектеп-гимназиясының акт залы, М. Жәлел көшесі, 12 үй	176,4
4	Жезқазған қаласы	№ 26 мектеп-гимназиясының акт залы, Абай көшесі, 30 үй	1778
5	Жезқазған қаласы	№ 5 орта мектебінің акт залы, Жанасов көшесі, 15 үй	171,9
6	Жезқазған қаласы	№ 133 негізгі мектебінің акт залы, Теміржол көшесі, 3 үй	159,8
7	Жезқазған қаласы	№ 13 орта мектебінің акт залы, Гоголь көшесі, 9 үй	178,2
8	Жезқазған қаласы	№ 4 орта мектебінің акт залы, Алашахан даңғылы, 15 үй	168,7
9	Жезқазған қаласы	№ 1 орта мектебінің акт залы, Бейбітшілік даңғылы, 31 үй	169,2
10	Жезқазған қаласы	№ 22 орта мектебінің акт залы, С. Сейфуллин көшесі, 44 үй	169,7
11	Жезқазған қаласы	№ 8 мектеп-гимназиясының акт залы, Анаркұлов көшесі, 19 үй	176,8
12	Жезқазған қаласы	№ 10 орта мектебінің акт залы, Марғұлан көшесі, 50 үй	150,6
13	Жезқазған қаласы	№ 21 орта мектебінің акт залы, "Ғарышкерлер" бульвары, 52 үй	166,8
14	Жезқазған қаласы	№ 9 орта мектебінің акт залы, Ержанов көшесі, 11 үй	189
15	Кеңгір селосы	№ 2 орта мектебінің акт залы, Школьная көшесі, 2 үй	145
16	Талап селосы	№ 6 орта мектебінің акт залы, Молодежная көшесі, 7 үй	180
17	Малшыбай селосы	№ 15 орта мектебінің акт залы,	65,58
18	Теректы станциясы	№ 6 орта мектебінің акт залы	96
19	Жезқазған қаласы	№ 6 кәсіби лицейдің акт залы, Абай көшесі, 148 үй	188,2
20	Геологический кенті	"Жезказгангеология" АҚ мәжіліс залы	144,3

**Жезқазған қаласы әкімдігінің**  
**2011 жылғы 23 желтоқсандағы**  
**№ 33/01 қаулысына 2 қосымша**

### **Жезқазған қаласы бойынша үгіттік баспа материалдарын орналастыру орындары**

N	Елді-мекеннің атауы	Үгіттік баспа материалдарын орналастыру орындары
	Жезқазған қаласы	Бейбітшілік даңғылы мен "Ғарышкерлер" бульварының қиылысы
		С. Сейфуллин көшесі мен Алашахан даңғылының қиылысы
		Жеңістің 30 жылдығы көшесі мен Алашахан даңғылының қиылысы
		Абай көшесі мен Шевченко көшесінің қиылысы
		Мұса Жәлел көшесі мен Бейбітшілік даңғылының қиылысы
		Гагарин көшесі мен Бейбітшілік даңғылының қиылысы

	темір жол вокзалы аймағы
	автовокзал аймағы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ